

№1 Майкайын жалпы орта білім беру мекемесінің жанынан

күрылған Камкоршылык кенес отырысының

Хаттамасы №3

23.10.2020

Жиналыс мақсаты:

Катыскандар : Камкоршылык кенесінің 9-мүшесі

Мектеп басшысы :

Мажитова С.С.

Әлеуметтік педагог:

Сайфурова Б.Б.

ДТЖО:

Қасымханова Р.М.

Қаукенова А.К.

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуы. Хабарламашы директорын тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Қасымханова Р.М.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қасымханова Р.М. сөз бастады.

«Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кемелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектебімізде жоспарға сай жұмыстар атқарылып келеді. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кенес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кенес отырысы болып өтеді.

Жалпы, құқық тәртібін бұзғанда бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тәртібіне алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қалағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар, ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпай керек сияқты. Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбай, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңды білмеу - құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Осыған байланысты бүгін мен сіздер үшін ҚР Баланың құқықтары туралы заңына тоқталып өтсем

деймін.» деп ата-аналарға аталған заңға, оның тарауларына тоқталып, түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, ата-аналардың баланы күтіп-баптаудағы жауапкершілігі мен міндеттеріне де жеке тоқталып кетті.

«Жоғарыда аталған заңды нормативтік құжаттардың мақсаттары мен міндеттерін толық баяндап жеткізуде жастар арасында тәртіп орнату, тұлғалардың дербес жауапкершілігін арттыру, қылмысты болдырмау жолдарын дамытып, жандандыру ол сіздермен біздің бірлесе отырып, яғни мектеп пен ата-ана болып жұмыс жасағанда ғана жүзеге аспақ. Сонда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар азайып балаларымыз құқылы, дербес ортада өмір сүреді» деп, сөзін аяқтады.


### Шешім:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтарының алдын алу шаралары ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынсын. Карантиндік шараларға байланысты баланың қауіпсіздігі әр ата-ананың жауапкершілігінде екенін түсіндіру.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:

 Жиренова А.О.

 Сайфурова Б.Б.